«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

19.07.18 № 02-09/1649

«ИнваСервис» ЖШС-не
Астана қ-сы, 3/1 89,Тел 87789360946,
E-mail: inva.service@mail.ru.

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 09.07.2018 жылғы №18062 *(веб-порталмен келіп түскен)* санды арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 30-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу Қағидасының 4,5-тармақтарына сәйкес, Маңғыстау облысының мәдениет басқармасының «Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану мұражайы» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* № 2646891-1 санды «Арнайы бағдарламамен жабдықталған ақпараттық киоскі сатып алу» жөнінде өткізілген мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде, Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер өз дәлелін тапқан жоқ.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының 116-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушының банктік шотына не мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер болып табылатын ұйымдастырушылар, бірыңғай ұйымдастырушы үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдендірілген ақшалай жарна түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізген жағдайда, ол кепілдендірілген ақшалай жарнаны растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі түрінде беріледі. ***Бұл ретте, кепілдендірілген ақшалай жарна конкурстық құжаттамада көрсетілген банктік шотқа конкурсқа қатысуға өтінім берудің түпкілікті мерзіміне дейін енгізіледі*** делінген.

Сонымен қатар, аталған Қағиданың 148-тармағында, өтінімді қамтамасыз етуді *енгізбеген* немесе оны конкурсқа бөлінген сомаларының нөл бүтін оннан тоғыз пайыз (0,9 %) мөлшерінде енгізген әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдерін *конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге рұқсат етілмейді нақты көрсетілген.*

000609

Алайда, Сіздің тарапыңыздан конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық құжат нысанында енгізілген банктік кепілдігіңіз ұйымдастырушының есеп шотына конкурстық құжаттмада өтінімдердің аяқталу мерзімі 28.06.2018 жылы сағат 14:15 ке дейін түспеген.

Конкурсты ұйымдастырушы тарапынан 29.06.2018 жылы №43 санды хатпен «ForteBank» АҚ-на сұраныс жолданып 02.07.2018 жылы №19-10-03/59933 санды хатпен аталған сұранысқа жауап жолданып, Сіздің тарапыңыздан конкурсқа қатысуға енгізілген өтініміңіз 28.06.2018 жылы Астана уақытымен 15:48 де ұйымдастырушының есеп шотына түскендігі жөнінде хат жолдаған.

Осыған орай, конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан конкурсқа қатысуға жібермеу туралы шешімі негізді болып табылады.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.